

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«ӨРЛЕУ» БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ ҰЛТТЫҚ ОРТАЛЫҒЫ» АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ АСТАНА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ
ИНСТИТУТЫ

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ФАО «НАЦИОНАЛЬНЫЙ ЦЕНТР ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ
«ӨРЛЕУ» ИНСТИТУТ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ
ПЕДАГОГИЧЕСКИХ РАБОТНИКОВ
ПО Г. АСТАНА



«ӘЛЕМГЕ ЖҮРЕКТІ АШУ» ҚАЛАЛЫҚ ЖОБА БАЙҚАУЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
ГОРОДСКОГО КОНКУРСА ПРОЕКТОВ «ОТКРЫВАЯ СЕРДЦЕ МИРУ»

Астана, 2018

УДК 378.046.4 (083)
ББК 74.200.51 (94)

Сборник материалов городского конкурса проектов «Открывая сердце миру» / – Астана, С.105 2018.

В сборнике представлены проекты внеучебной деятельности по программе нравственно-духовного развития «Самопознание» «Открывая сердце миру».

Материалы публикуются в авторской редакции. Ответственность за содержание публикаций несут авторы.

УДК 378.046.4 (083)
ББК 74.200.51 (94)

ИНСЦЕНИРОВКА «СИЯЙТЕ РАДУГОЙ СЕРДЦА»

Зорина Л. В.,
средняя школа № 3 г. Астаны,

Класс: 6«Б», 6 «В»

Кол-во учащихся: 12

Дата: 10.02.14 г.

Место проведения проекта внеучебной деятельности: актовый зал ШГ № 3

Цель: показать, как цвет влияет на настроение и здоровье человека (цветотерапия), как общечеловеческие ценности связаны с цветами красок этого мира, и как цвета помогают раскрыть хорошие качества в человеке. Задачи: 1. Расширять понимание того, что каждый цвет радуги способствует совершенствованию человека. 2. Развивать в детях положительных качеств характера. 3. Воспитывать понимание того, что цвет влияет на внутренний мир человека	Ресурсы: текст пьесы «Сияйте радугой сердца», текст песни «Пусть будет в небе радуга», костюмы героев, реквизиты к спектаклю.
План подготовки к проведению проекта внеучебной деятельности (каждый пункт плана раскрыть в 3-5 предложениях) 1.Выбор и чтение пьесы, анализ текста. Педагог выбирает и редактирует сценарий для постановки; составляет вопросы для обсуждения содержания пьесы; подбирает песню для исполнения ее после выступления. Детям читается весь сценарий, после чего они вместе с педагогом обсуждают его содержание. Обсуждение проводится в форме вопросов и ответов, с акцентом на общечеловеческие ценности. Дается подробная характеристика каждому действующему лицу. 2.Распределение ролей. Работа над актёрским мастерством: постановка сценического движения и сценической речи. Отработка сцен с отдельными героями и репетиция пьесы. Распределение ролей происходит в созданной педагогом атмосфере любви, взаимопонимания, уважения к личности ребенка, с учетом его индивидуальных особенностей. Педагог	Анализ: Ученикам понравился сам сценарий и идея спектакля. Девочки с удовольствием участвовали в репетициях.

вдохновляет и вселяет уверенность в каждого «актера». Затем – работа над актерским мастерством. Подробно обсуждается каждая роль: особенности поведения, манеры, интонации речи каждого отдельного персонажа. Важно найти вместе с детьми, выделить «изюминки». И, наконец, - сама репетиция пьесы. Задача педагога - снова вдохновлять учеников, подбадривать и помогать им в каждом шаге; создавать позитивную обстановку, в которой каждый максимально проявит свои творческие способности. Тогда возможным станет (а это очень важно с позиций ОЧЦ) интуитивное постижение учеником - «актером» своей роли.	
План проведения мероприятия 1. Выступление перед учениками 5-7 классов (показ спектакля). 2. Исполнение песни «Пусть будет в небе радуга». Пусть будет в небе радуга и над землею солнце светит Мирное время на века, пусть воцариться на планете Счастье и мир на много лет, Будем хранить святой обед В жизни идти дорогой вместе Пусть будет в мире доброта, и у людей не будет злости. Пусть правит миром красота, и чудеса приходят в гости! Счастье и мир на много лет, будем хранить святой обед В жизни идти дорогой вместе с тобой Сотни тысяч поколений по дороге искуплений, День за днем идя дорогой не зная, но много мы счастья найдем! Пусть на земле живет любовь и вместе с верою надежда Пусть голубь мира вновь и вновь дарит нам радость, как и прежде Верность и дружба на века, рядом с твоей, моя рука Пусть будет мир тем раем навсегда. 3. Анализ спектакля (делает педагог вместе с детьми).	Сочинение после спектакля «Сияйте радугой сердца» в 6 «Б», 6 «В» классах. Отрывки из сочинений: • «Спектакль- класс! Я почувствовал в себе тепло от спектакля». • «Этот спектакль пробудил во мне чувства доброты, любви, и веры». • «После спектакля я будто пополнил свою энергию, стал сильнее. Урок самопознания очень хороший». • «Душа человека – это палитра красок и только от человека зависит цвет его души». • «Репетиции и спектакль мне согревали душу. Мне кажется, все зрители почувствовали тепло». • «Урок самопознания очень полезен для души человека».

4. Самоанализ (ученики анализируют собственные чувства и переживания, связанные с постановкой).



- «Смотреть этот спектакль было радостно и тепло. Я узнала много интересного про человека. Он – палитра чувств и качеств».
- «Выступление было чудесным!»
- «Спектакль поселил во мне чувство радости. Я как будто смотрел его впервые, хотя много раз смотрел репетиции».

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

(оқудан тыс іс-әрекеттер жобасының жоспары)

Токтагазина К. Б.,

Ж.Жабоев атындағы № 4

мектеп-гимназиясы, Астана қаласы

Сынып: 8

Оқушылар саны: 32

Мерзімі: 24.01. 2018 ж.

Мақсаты: Оқушыларға сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу арқылы өмірдің мәнін түсіндіру.

Міндеттері:

Білімділік: оқушыларға өмір туралы тереңірек білім беру;

Дамытушылық: өз өмірі үшін жауапкершілік қасиетін дамыту;

Ресурстары
материалдары, көздері:
бейнебаяндар, таратпа қағаздар.

Тәрбиелік: болашаққа сеніммен қарап, өмірді бағалауға тәрбиелеу.	
Жоспар: 1. Оқушылардың көңіл-күйіне, өздерін еркін сезінуге әсер ететін жағдай туғызу сәті. Қандай көңіл-күйде отыр. Тақырып бойынша осы шарадан не күтеді? 2. Балалардың санасына әсер ететіндей видеороликтер дайындау. Жағымды және жағымсыз бейнебаяндардың оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес болуын назарда ұстаған дұрыс. 3. «Өмірдің негізі – салауатты болашақ. Салауатты өмір салтын ұстағанда ғана өздерінің болашақтары жарқын болатынына көздерін жеткізу. Спортпен айналысу, дұрыс тамақтануды әдетке айналдыруға шақыру.	Талдау 1. Оқушылар сәл қателесудің салдарынан өмірдің күрт өзгеретінін түсінеді. 2. Қызығушылық пен еліктеуде шектен шықпау керектігін назарда ұстайды. 3. Салыстырмалы түрде алынған бейнебаяндардағы көріністер оларға оң әсерін тигізіп, дұрыс жолға бағыттайды. 4. Жаман әдеттер мен суицидке қарсы жігерлі ой түйеді. 5. Салауатты өмір салтын ұстап, бақытты болашақтары өз қолдарында екеніне көздерін жеткізеді. 6. Жүректеріне қуаныш толған балалар, бүтін Әлем өздерін құшақ жая қарсы алып тұрғанына сеніммен қарайды.
Іс-шараны өткізудің жоспары  1. Ой қозғау «Өкініш» Өмірдің мәнін ұқпаппын... Өле алмай жүрген сырқатпын. Шіріген картоп сияқты, Бұрышында қалған бір қаптың. Өзімнен өзім тістенем, Істеген ісіме өкінем. Ұйықтай алмай түнімен, Көрмейтін сұмдық түс көрем. 2. Видеоролик «Нашақорлық - ғасыр дерті». 3. «Өмірдің негізі – салауатты болашақ» 4. "Сау дене, азат ақыл, адал көңіл - үшеуімен болады бақытты өмір" Әйтеке би	

РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК - ІЗГІЛІК НҰРЫ

(оқудан тыс қызметі жобасының жоспары)

Бірмағанбетова Ә.Ә.,

Дарынды балаларға арналған
№ 9 «Зерде» мектебі, Астана қ.

Сынып: 7-9

Мерзімі: ақпан 2018 ж.

Оқудан тыс қызметінің жобасын өткізу орны: ДБА №9 «Зерде» мектебі

Мақсаты: Рухани-адамгершілік – ізгілік нұры туралы түсіндіру арқылы жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін ашу. Міндеттері: • Оқушылардың бойында бар жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару. • Оқушылардың бойында жаңашырлық қасиеттерін дамыту; • Қайырымдылыққа, мейірімділікке, риясыз қызмет етуге тәрбиелеу.	Ресурстар: (материалдар) Нақыл сөздер, слайд, интербелсенді тақта, шарлар, түрлі-түсті қағаздар, бейнероликтер, аудиотаспа/ күй, әндер/, көрме, стикерлер, тілек ағашы.
Оқудан тыс қызметінің жобасын өткізудің даярлық жоспары: 1. Іс – шараны өткізетін орынды таңдау, мерзімін белгілеу. • Қайырымдылық-жылы жүректен, «Қуаныш сыйла» акциясы аясында мектеп директоры, мұғалімдер және «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығымен ақылдаса отырып, серіктес мектептердегі (№34, №35, №56, №80) көп балалы отбасы мен әлеуметтік жағдайы төмен көмек қажет ететін отбасы балаларын анықтау. • Мекеме басшысымен келісе отырып, акция өткізу күнін, уақытын келісу. Іс-шара мақсатымен таныстыру. Рухани көмек көрсетуге рұқсатын алу. 2. Оқушыларды іс - шараның мақсатымен таныстыру. • Оқудан тыс іс – шараны өткізбес бұрын, оқушыларға алдын ала біздің мақсатымызды, не үшін, неліктен және кімге көмек көрсететінімізді, оқушылардың бойына	

жағымды әсер қалдыру мақсатымен қайырымдылық, жанашырлық, мейірімділік, риясыз сүйіспеншілік туралы әңгімелесу, пікірлерін тыңдау. • Көмегімізді көрсететін оқушыларға оқушылармен бірге қызықты сұрақтар мен ойындар дайындау. 2. «Досыма сыйлық» айдарымен оқушылар жас достарына естелікке өз қолдарымен жасалған заттарын, оқыған кітаптарын, жақсы көретін ойыншықтары мен доптарын сыйға тарту, құттықтау хат, қошемет сөздер дайындау және естелікке суретке түсу. 3. Жүргізілетін іс-шараның жоспарын нақтылау. Іс-шара аясында жоспарланбақшы жұмыстарды нақтылау, «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығының іс-шаралар ұйымдастыру комитетімен ой бөлісу. “Бұл әлемде данышпанның алдында бас иіп, қайырымдылықтың алдында тізе бүгу керек” <i>В.Гюго</i>	
Іс-шара өткізу жоспары: <u>«Рухани-адамгершілік-Ізгілік нұры»</u> Ұйымдастыру кезеңі Өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесі - мейірімділікке, қайырымдылыққа, өзара көмек көрсетуге бағытталған адамдағы <i>ізгіліктік</i> құндылықтарды ашуды көздейтін мектептің ең маңызды міндеті, оқу-тәрбие үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Іс-шараның өту барысы / Іс-шара 3 бөлімнен тұрады/. 1. Қайырымдылық-жылы жүректен, <i>«Қуаныш сыйла»</i> акциясы аясында мектеп директоры, мұғалімдер және әлеуметтік педагог, «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығымен ақылдаса отырып, серіктес мектептердегі көп балалы отбасы мен әлеуметтік жағдайы төмен көмек қажет ететін отбасы балаларын анықтау. • Мекеме басшысымен келісе отырып,	

акция өткізу күнін, уақытын келісу. Іс-шара мақсатымен таныстыру. Рухани көмек көрсетуге рұқсатын алу /әр мектептен 3 оқушыдан/. • Көмегімізді көрсететін оқушыларға оқушылармен бірге қызықты сұрақтар мен ойындар дайындау. • «Досыма сыйлық» айдарымен оқушылар жас достарына естелікке өз қолдарымен жасалған заттарын, оқыған кітаптарын, жақсы көретін ойыншықтары мен доптарын сыйға тарту, құттықтау хат, қошемет сөздер, смайликтер... дайындау және естелікке суретке түсу. • Атқарған жұмыстың қорытындысын көрсету (фото, фотостенд, слайд). • Рефлексия, оқушылардың көңіл-күйі, алған әсерлері, сезімдері / ой бөлісу/ 2. «Кереметтерді тани» білуге баулу мақсатында «Менің 7 кереметім» шығармашылық шаттығын ұйымдастыру. Оқушыларға адамгершіліктің 7 қағидасы мен «Әлемнің 7 кереметі» бейнебаяның көрсете отырып, өз түсінігіндегі 7 кереметті баяндау тапсырылады /ой толғау/. Қатысатындар: 7-9 сынып – 20 оқушы. Адамгершіліктің 7 қағидасы: 1. Ақиқатқа сену, адал болу; 2. Жақсы мінез, көрікті ақыл; 3. Дұрыс әрекет, ойлану; 4. Жүректе имандылықты сезіну; 5. Тәртіпке бағыну, жақсы тәрбие алу; 6. Ата-анаң мен бауырыңа қорғаныш болу, халқың үшін еңбек ету; 7. Зорлық-зомбылық көрсетпей, әлсіздерге көмек жасау. 2. «Жақсылық жаса!» - жақсылықтар тізбесі. Оқушыларға «Цепочка добра» бейнеролигі көрсетіледі және тізбені жалғастырып, бірлесіп бейнероликтер дайындау тапсырылады. Дайындалған бейнероликтер мектептің әлеуметтік желілердегі парақшаларына	Жауапты оқушыларды тағайындау. Естелік заттарын жинақтау, бірлесіп дайындау. Слайд, фотостенд «Бос микрофон» «Жақсы іс –жалғасын тапсын!» айдарымен ізгілікті іс жалғасады. «Шығармашылық шаттығы» бұрышы ұйымдастырылады Адам қаншалықты ақылды әрі жақсылық жасауға ұмтылған сайын, соғұрлым адамдардағы жақсылықты байқағыш
---	--

жарияланады. Қатысатындар: «Шаңырақ» оқушылар қауымдастығы. Қорытынды Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады. Ал арлы, ақылды адам қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтанды білмейді және істемейді. Осы үшеуінің басы қосылса, адам жақсы өмір сүріп, бірімен бірі тату тұруында сөз жоқ. • «Рухани-адамгершілік - Ізгілік нұры» тақырыбында өткен іс-шараны қорытындылау. • Рефлексия. • Іс-шараға белсене қатысқандарға ризашылық білдіру, алғыс айту. • Марапаттау.	келеді". <i>Паскаль</i> «Цепочка добра» бейнеролик Фотоесеп, слайд Тілек ағашы «Ризамын» әні Диплом, алғыс хаттар.
---	---

ЖЫЛЫ ЖҮРЕК, АЯЛЫ АЛАҚАН

Козыбаева Н. Д., Колесниченко С. Г.,
№ 10 мектеп-гимназиясы,
Астана қаласы

Сынып: 8 «Б», 9 «В».

Оқушылар саны: 12.

Мерзімі: 6.10.17 ж.

Оқудан тыс іс-әрекеттерді өткізу орны: Астана қ.балалар үйі. С.Сейфуллин көшесі, 225- үй.

Құндылық: Сүйіспеншілік Қасиеттер: ізеттілік, сыйластық, мейірімділік

Мақсаты: Сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашу арқылы жылы жүректен, аялы алақаннан шығатынын түсіндіру. Міндеттері: 1. Ізеттілік, мейірімділік қасиеттері туралы тереңнен түсінік беру; 2. Сыйластық қасиетін дамыту; 3. Ізеттілікке, сыйластыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.	Ресурстары: (материалдары, көздері)
<i>Оқудан тыс іс-әрекеттердің жобасын өткізудің даярлық жоспары (жоспардың әрбір пунктін 3-5 сөйлеммен ашу)</i>	

Саптузеу Балалар үйіне барудың мақсат-міндеттерін, «Жақсылық жасайық!» акциясының басталғаны туралы хабарлау. Ой шақыру.	Бейнефильм «Барлық Русьтің әжесі» Бейнеролик «Өзіңнен баста»
Акцияның өтілу барысы 1. Сынып оқушыларының акцияға әкелген заттарын қабылдау (канц.тауарлары, әдеби кітаптар, жұмсақ ойыншықтар, киімдер, тәттілер, ашық хаттар). 2. Оқушылар өз қолдарымен балалар үйінің тәрбиеленушілеріне ашық хаттар жазу.	
Акцияның қорытындысы 1. Балалар үйіне бару. 2. Балалар үйінде концерттік бағдарлама көрсету.	Акцияда оқушылар, ата- аналар, мұғалімдер ұжымының әкелген заттары. /канц.тауарлары, әдеби кітаптар, жұмсақ ойыншықтар, киімдер, тәттілер, ашық хаттар/ Оқушылар концерті (музыкалық номерлер, цирк номерлері /акробатика/)
Әлеуметтендіру Өз пікірлерін, сезімдерін, ой толғаныстарын постер бетіне түсіру.	Постерлер
Есеп беру. Фотоесеп. Рефлексия	



Балаларға сыйлықтар жинау (оқу құралдары мен кітаптар және тәттілер)



Астана қ. Балалар үйі. Сейфуллина, көшесі 225 үй.

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ (театрланған көрініс)

Ергалиева Н. У.,
№ 14 мектеп-гимназия,
Астана қаласы

Сынып: 5-7

Мерзімі: 12. 04. 2017

Оқудан тыс қызметінің жобасын өткізу орны: мектептің мәжіліс залы Мақсаты: Жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару арқылы «Өзін-өзі тану» әлеміне саяхат жасау. Міндеттері: - Өзін-өзі тану пәнінің маңыздылығын айқындап адам бойындағы құнды қасиеттер туралы түсініктер беру; - шығармашылық қабілетін, ойлау, сөйлеу мәдениетін дамыту; - өзара қамқорлыққа, мейірімділікке, татулыққа тәрбиелеу.	Ресурстар: (материалдар) Интербелсенді тақта, презентация, музыка, сахналық көрініс, кеспе парақтар
Оқудан тыс қызметінің жобасын өткізудің даярлық жоспары 1. Өзін-өзі тану пәнінің маңыздылығы мен сабақ өткізілуі кезеңдері туралы, өзін-өзі тану пәнінің ерекшеліктері мен	

қоғамға қажеттілігін насихаттау туралы ойдың туындауы. 2. Сабақ беретін сынып оқушылары ішінен балалардың қабілеттеріне қарай театрланған көрініске қатынасатын оқушылар таңдап алынып, олардың жалпы өзін-өзі тану пәні туралы ойларымен бөлісу. 3. Мектептің театр режисерімен біріге отырып сахналық көріністің жоспарын жасау. Оқушылар арасынан бейнелейтін ролдерін бекіту және маңыздылығын түсіндіру. 4. Театрланған көрініс қалалық семинарда қойылды. Семинарға қала мектептерінің мұғалімдері мен Білім Басқармасының әдіскерлері қатынасты.	
Іс-шара өткізу жоспары: 1. Мұғалімнің кіріспе сөзі. Армысыздар қадірлі ұстаздар, мектебіміздің қонақтары!!! Бүгінгі «Өзін –өзі тану» пәні бойынша 5-7 сынып оқушыларының ұйымдастыруымен дайындалған «Өзін өзі тану әлеміне саяхат» атты сыныптан тыс іс-шарамызға қош келдіңіздер! Кештің мақсаты өзін-өзі тану пәнін насихаттау және оқушы бойындағы мейірімділік, татулық, қамқорлық қасиеттерін дамыту. 2. (Сахнада атасы мен немересі сабақ қарап отыр, атасы немересіне үй тапсырмасынан көмектесіп отыр, бірақ ол түсінбей екеуара сөйлесіп отырады) Атасы: Оны қайдан алдың ? Немересі: Ата, оны өзін-өзі тану пәнінде оқығанбыз. Атасы: өзін-өзі тану деген қандай пән? Мен оны қайдан білейін? Немересі: Ата, қазір сондай пән бар мектепте, біз оқимыз. (Осы кезде баяу музыка ойнап ортаға өзін-өзі тану (бұдан әрі қарай - ӨӨТ) пәні келеді. Ол амандасып, өзі туралы айтады). ӨӨТ: Ата, сәлеметсіз бе? Денсаулығыңыз қалай? Ата: Аманмын шырағым. Қарағым ау өзің кім боласың? Қайдан келесің? ӨӨТ: Мен ӨӨТ пәнімін, ата. Ата: Аманбысың, шырағым. Мына немереме үй тапсырмасын орындауға көмектесейін деп едім, соны түсіне алмай отырған жағдайым бар. ӨӨТ: Сол сіздердің қиналып отырғандарыңызды естіп келдім. Қолымнан келгенше көмек қолын созсам деп едім... Ата: Рахмет шырағым. Алдымен сізбен танысып алсақ...	

Менің заманымда мектепте ӨӨТ деген пән болмап еді. Ол қайдан, қалай шықты?

ӨӨТ: иә, ата! Бұл заман талабына сай пайда болды, бірақ іргетасы ертеде жатыр. Олай болса мен өзімді таныстырып өтейін.

(Слайд көрсетіледі 2-3 минут)

Немере: Ата, енді түсіндіңіз бе? Үй тапсырмасы туралы...

Ата: ӨӨТ пәнімен таныстым, оның қажеттілігін түсіндім. Бірақ үй тапсырмасын түсінбедім...

Немере: Түу, ата?!.....

(Осы кезде ӨӨТ саяхат туралы ұсыныс жасайды)

ӨӨТ: Ата, барлығын түсіну үшін менімен бірге ӨӨТ әлеміне саяхат жасауға барасыз ба?

Ата: Жарайды шырағым, Жақсыны көрмекке деген... (деп немересіне қарайды)

Немере: Ата, барайықшы!!

Ата: Біз дайынбыз!! Саяхатқа шығуға!!!

(Үшеуі саяхатқа шығуға келісіп, ӨӨТ бірге кетеді) музыка ойнап тұрады.

(ӨӨТ патшалығы деген жазуы бар қаланың шетіне келеді. Аулада Данабек пен Дымбілмес музыка жайлы әңгіме дүкен құрып отырып, екеуі дауласып қалады.)

Данабек: Түу, Дымбілмес! сондай музыкадан менің басым ауырып кетеді...

Дымбілмес: Неге? Маған ұнайды, Данабек.

Данабек: Несімен ұнайды? Құлағыңды шаршатып жібереді...

Дымбілмес: Онда сен неге би кешіне барғанда билейсің, ааа...?

Данабек: Дымбілмес сенде қоймайды екенсің. Болды! Енді қазақша күй тыңдайықшы.

Дымбілмес: Жоқ, жоқ. Мынаны тыңдаймыз.

(Ортаға немересі, атасы және ӨӨТ келеді. Олар дауласып отырған балалардың жанына келіп амандасады. Данабек ӨӨТдан сұрайды)

Данабек: Айтыңыздаршы, классикалық әуендер сіздерге ұнайды ма?

Ата: Әрине. Бірақ балам-ау әрбір адамның талғамы әркелкі болады емес пе? Мен қазақтың күйлері мен жыр-термелерін ұнатамын.

ӨӨТ: иә, Данабек. Атай дұрыс айтады. Дегенмен де классикалық әуендер барлық адамдарға ұнайды деп ойлаймын.

Дымбілмес: соны айтамын—ау... Данабек: Сонда да меніңше классикалық әуеннің ерекше қасиеті бар екендігін сеземін. ӨӨТ: Дұрыс айтасың, Данабек. Сіздерден рұқсат болса, мен болған оқиғаның ізімен жазылған әңгіме айтып берейін. Шетелдік ғалымдар музыка әлемін зерттеп, олардың түрлерін және пайдасы мен зияны туралы ғылыми жұмыстар жүргізіпті. Зерттеу барысында классикалық әуендердің пайдасын аңғарады. Оны іс жүзінде дәлелдеу үшін сиырларға зерттеу жүргізеді Бір фермада жасы шамалас екі сауын сиырын нысанға алып, олардың біріншісіне тек классикалық әуендер, ал екіншісіне тек рок стиліндегі әуендерді ғана тыңдатады. Араға 2 ай салғаннан кейін ғалымда өз тәжірибе нәтижесін көріп таң қалады. Бірінші классикалық әуен тыңдаған сиырдың сүті 2 есе көбейгенін, ал екінші рок музыка тыңдаған сиырдың сүті мүлдем тартылып қалған екен. Дымбілмес: ой, неткен қызық?! Негізі маған «Тыныштық сәті» кезіндегі әуендер ұнайды. Немере: Мен де «Тыныштық сәтін» ұнатамын. Данабек: Себебі «Тыныштық сәтінде» классикалық әуендер қойылады емес пе? ӨӨТ: иә, әрине. Классикалық әуендер, күйлер таңдалып алынады. Ата: Ойбуй, тоқтаңдар! Не деп кеттіңдер? Қайдағы «Тыныштық сәті»? Қайдағы классикалық әуен? Не айтып кеттіңдер? ӨӨТ: Ата, ӨӨТ патшалығының өзі «Тыныштық сәтінен» басталады. Мына орындыққа отырыңыз. Мен «Тыныштық сәті» ортаға шақырайын. Ортаға «Тыныштық сәті» (бұдан әрі - ТС) келеді, амандасып өзін таныстырады) ТС: Сәлеметсіздер ме? ӨӨТ патшалығына қош келдіңіздер!!! Мен «Тыныштық сәті» боламын. Әрбір сабақты өзім бастап, балаларға жақсы көңіл күй сыйлау менің мақсатым. Ата: Тамаша екен! Оларың дұрыс. Себебі баланың көңіл күйі болмаса білім де ала алмай қалады және олар тез өзгеріп отырады емес пе? ӨӨТ: Сөз кезегі өзіңізде «Тыныштық сәті» ТС: «Нұрға бөлену» 3 минут (тыныштық сәтін өткізеді) «Нұрға бөлену» Ыңғайланып отырыңыздар, денелеріңізді түзу ұстаңыздар.	
--	--

Аяқ-қолыңызды айқастырмаңыз. Қолыңызды тізеңізге немесе үстелге қоюға болады. Көздеріңізді жұмуларыңызды өтінемін.

Елестетіп көріңіз: Күн нұры сіздің төбеңізден өтіп, кеудеңізге қарай бойлап барады. Кеудеңіздің орта тұсында гүл түйнегі орналасқан. Гүлдің түйнегі нұрдан баяу ашылып келеді. Балғын және таза әсем гүл сіздің әр ойыңызды, әр сезіміңізді, эмоцияңыз бен тілек-қалауыңызды шайып, жүрегіңіздің қауызын ашты.

Нұр сәулесі сіздің бойыңызға ақырын тарай бастағанын елестетіңіз. Ол біртіндеп күшейе түсуде. Оймен осы нұрды қолдарыңызға түсіріңіз. Сіздің қолдарыңыз нұрға бөленіп, сәуле шашуда. Қолымыз тек жақсы, ізгі істер істейді және баршаға көмектеседі. Нұр аяқтарыңызға тарады. Аяқтарыңыз нұр сәулесін шашуда. Олар сізді тек жақсылық жасау үшін жақсы жерлерге апарады. Олар нұр мен махаббат құралына айналды.

Одан әрі нұр сіздің аузыңызға, тіліңізге тарады. Тіліңіз тек шындықты және жақсы, ізгі сөздер ғана айтады. Нұрды құлақтарыңызға бағыттаңыз, құлақтарыңыз тек жақсы сөз бен әсем әуенді ғана естиді. Нұр көздерімізге де жетті, көзіміз тек жақсыға қарап, бәрінен жақсылықты ғана көреді. Сіздің басыңыз түгелдей нұрға бөленіп, басыңызға тек ізгі, сәулелі ой келеді.

Нұр бірте-бірте қарқын және шұғылана бастайды, сіздің денеңізден шығып, жан-жағыңызға сәуле шашады. Осы нұрды туысқандарыңызға, балаларыңызға, мұғалімдерге, достарыңызға, таныстарыңызға бағыттаңыз. Нұрды уақытша түсініспей, ренжісіп жүрген адамдарға да бағыттаңыз, олардың да жүрегі нұрға толсын.

Осы нұр бүкіл әлемге: барлық адамдарға, жан-жануарларға, өсімдіктерге, барлық тірі жанға таралсын... Ғаламның барлық түпкір-түпкіріне нұр бағыттаңыз. Ойша айтыңыз: «Мен нұрлымын... Нұр менің ішімде... Мен Нұрмын».

Осындай Нұр, Махаббат және Тыныштық күйінде отыра тұрыңыз...

Енді осы Нұрды жүрегіңізге орналастырыңыз. Нұрға толы бүкіл әлем сіздің жүрегіңізде. Оны осындай әсем қалыпта сақтаңыз.

Жаймен көзіңізді ашуға болады. Рахмет.

ӨӨТ: ата қандай сезімде болдыңыз?

Ата: Ой, қандай тамаша сезім!!! Жолдан шаршап

келгенімнің барлығын ұмытып кеткендей болып отырмын. Рахмет, саған, «Тыныштық сәті»! Немере: Ата, сізге де ұнады ма? Ата: Ұнағанда қандай!!! Дауысы қандай ғажап!!! (Данабек пен Дымбілместе жарасып ұнайтыны туралы айтады) Данабек: мен сабақтың осы сәтін ұнатамын... Дымбілмес: маған тыныш отырып музыка тыңдаған ұнайды ТС: мен адам өзін жақсы сезіну үшін керемет әуендерді таңдап аламын және сабақтың соңында да көрініс табамын Ата: Мынандай «Тыныштық сәті» тамаша екен. Сіздерге де ұнады ма ? (ата залда отырғандардан сұрайды, бірнеше кісі өз ойларын айтады) ТС: ата, ренжімесеңіз. Мен асығыс едім. Рұқсат болса, жүре берсем... ӨӨТ: Рахмет!!! Саған «Тыныштық сәті». Кездескенше, кешігіп қалма!!! («Тыныштық сәті» қоштасып шығып кетеді де ортаға қолында кітаптарымен қағаздары бар «Дәйексөз» өзімен өзі сөйлесіп келе жатыр) ДС: Сәлеметсіздер ме ?(барлығы амандасады) ӨӨТ: Не істеп жүрсің «Дәйексөз»? мынау не қылған кітаптар мен қағаздар? ДС: Ертеңгі сабаққа «Алтын бесік - Атамекен» тақырыбына дәйексөз іздеп, маған ұнағаны болмай тұр... Дымбілмес: Оны қалай табасың? Ол қандай болуы керек? Данабек: Иә, айтыңыз! Бәріміз көмектесейік. ДС: Ол даналардың айтқан сөздерінен, мақалдар мен мәтелдерден, нақыл сөздерден тұрады және айтуға, есте сақтауға ыңғайлы, ең негізгісі мағынасы терең болуы қажет. Ата: балаларға осындай сөздер үйретсеңдер, ол өте жақсы іс екен..(немересі сөйлеп кетеді) Немере: Сабақта дәйексөзді бәріміз бірге айтамыз. Ата: Не үшін, қандай мақсатпен айтасыңдар ? ДС: Балалар хормен айтқанда олар бірліктің маңыздылығын түсінеді. Алдымен ел қорғаны болар ер балалар 2 рет, сосын елдің көркі болар қыз балалар 2 рет, содан соң бәріне бірге 2 рет айтқызып отырамын. Данабек: Ата, ер қорғаны ер балалар дегенде өзімізді нағыз азаматтай сезінеміз.	
--	--

Дымбілмес: Алдымен ұлдар айтқанда біздің дауысымыз (мақтанып) қыздардан жоғары шығады. Ата: Нағыз тәрбие көзі сізде екен ғой! ДС: тек айтқызып қоймай, оны сұрақтар беру арқылы талдап отырамыз. Немере: Ата, сіз көптеген нақыл сөздер мен мақалдар білесіз ғой. «Дәйексөз» көмектесіп жіберейікші (жалынышпен) ӨӨТ: иә, Ата! «Дананың көзі - қария» демекші бүгінгі сабаққа дәйексөзді сіз айтып берсеңізші. Ата: Атамекен деген ұғымның мағынасы өзі тереңде жатыр. Ол туралы талай данышпан мен ақындар жырлап өтті. Отан – адамның ата-бабаларынан бері қарай кіндік қаны тамып, өсіп өнген жері. Сондықтан кімде болса, өз Атамекенін – ең аяулы жан Анаға балайды. Әрине мақал, нақыл сөздер жеткілікті. 1. Ер туған жеріне, Ит тойған жеріне. 2. Опасызда Отан жоқ. 3. Отан оттан да ыстық ДС: Ата, маған сіздің мына айтқаныңыз ұнады «Отан оттан да ыстық» дегенді Бауыржан атамыздың айтқан сөзі сабағымның көркін аша түсетіндей... ӨӨТ: тамаша нақылсөз. Рахмет Сізге!!!! ДС: олай болса мен кеттім. Балалар жүріңдер дәйексөзді қайталып көрелік. (Дәйексөз өзімен бірге Данабек пен Дымбілместі де ертіп кетеді. Сахнада ата, немере, ӨӨТ қалады.) ӨӨТ: Ата, сізді патшалығымыздың көне көз қариялары – құндылықтармен таныстырайын. Жалпыадамзаттың құндылықтарымен таныс болыңыз. Ақиқат: тақпақ оқиды Сүйіспеншілік: жүрекке тілек Дұрыс әрекет: тақпақ Ішкі тыныштық: сурет салу Қиянат жасамау: жалғасын табу (Жалпыадамзаттық құндылықтар ағашын құрастырады) Немере: Ата, енді үй тапсырмасын түсіндіңіз бе? Ата: Иә, балам! Енді бәрі де түсінікті. Үйге қайтайық, рұқсат болса ... ӨӨТ: Ата, біздің патшалығымыздың сізге арнаған тосын сыйы бар. Ол «Топпен ән айту» деп аталады. Немере: қандай ән айтамыз?	
--	--

ӨӨТ: әннің аты «Атамекен» Сөзі: Қ.Мырзалиевтікі Әні: Е.Хасанғалиевтікі (Барлығы ортаға шығып ән айтады, ән аяқталып қалған кезде ТС келеді) ТС: мен де дәл уақытында келгендеймін. Ата, сізге бүгінгі ӨӨТ әлеміне жасаған саяхатыңыздан алған әсеріңіз қандай болды ? Ата: Тамаша!!! Бүгін уақытымды бөліп ӨӨТ патшалығына келгеніме қуаныштымын. Патшалықтың тұрғындарымен 5 құндылық, ТС, ДС танысқанымға қуаныштымын. Мен үшін пайдасы –енді немереме көмектесе алатыным (күліп). ӨӨТ: Мен де қуаныштымын. Ата, қазақтың салтына сай сізден бата сұрайық... Ата: Бата Бақытты балғын балалар, Тілектес сізге аталар. Жақсы болсаң, балалар! Қуанышта ата-аналар. «Көп тілегі- кел» деген, Бұрынғы өткен даналар. Әдепті бол-әділ бол, Сан тілекті ақтарып. Абылайдай айбатты болыңдар, Ағыбайдай қайратты болыңдар. Отанның адал ұрпағы болып, Жастан жасқа толыңдар!!! 3. Сахналық көріністі тамашалаған ұстаздар өз ойларын айтып, алғыстарын білдірді.	
--	--

ВМЕСТЕ ВЕСЕЛО ТВОРИТЬ!

Рамазанова А.А.,
школа-гимназия
№ 14 г. Астаны

Класс: 2 «Г»

Кол-во уч-ся: 32

Место проведения проекта внеучебной деятельности: школа

Цель: развитие у детей мотивации к познанию и творчеству, содействию личностному самоопределению и самопознанию учащихся, их адаптации к жизни в обществе, приобщение к здоровому образу жизни, к праведному поведению. Задачи: - выявление интересов, склонностей, способностей и возможностей обучающихся в разных видах деятельности; формирование системы знаний, умений, навыков обучающихся; - развитие опыта творческой деятельности, творческих способностей детей; развитие нравственных качеств таких как уважение, вежливость, трудолюбие и т.д. - воспитывать дружелюбие, вежливое отношение к другим людям, заботу о своем здоровье.	Ресурсы (материалы, источники)
План подготовки к проведению проекта внеучебной деятельности. 1. Уроки нравственности. Учащиеся класса совместно с учителем подбирают материал, притчи, рассказы, поучительные сказки о нравственности. Далее раздают по классам по параллелям. Для того, что бы учащиеся других классов были знакомы с мудрыми притчами, брали с них пример. Проявляли уважительное, вежливое отношение к окружающим. С целью воспитания нравственных качеств учащихся, воспитание духовности. 2. Азбука вежливости. Учащиеся класса совместно с учителем подбирают материал, пословицы, цитаты, народные мудрости о вежливости. Далее раздают по классам по параллелям. Это используется с целью развития нравственных качеств таких как уважение, вежливость, трудолюбие. Во-первых, воспитание вежливости учит человека управлять своими импульсами, социально приемлемо выражать эмоции. Это важно для того, чтобы ребенок мог общаться с людьми. Вежливость помогает ему чувствовать себя более безопасно, т.к. помогает понять, чего ждать от людей. Во-вторых, правила вежливости создают шаблоны поведения, которые помогают решать простые задачи в социуме. Также вежливость помогает создать границы допустимого в более сложных ситуациях. Таким образом, воспитание вежливости помогает ребенку усвоить важные законы, по которым живет общество. В-третьих, вежливость определяет социальную прослойку, это помогает ребенку определиться, кто он и где. Это же помогает сплотить семью, определить свою среду: «Мы культурные люди, у нас так не принято», «Мы люди простые, поэтому говорим все без сантиментов». Эти особенности помогают ребенку пройти сложный процесс самоидентификации.	

3. Коротко о самом главном. Создание классной стенгазеты. (Учащиеся класса совместно с учителем подбирают материал, демотиваторы, картинки о здоровье, примеры знаменитых спортсменов. Показывают другим классам на классных часах)	
Притчи. <u>Добро и зло</u> Добро и Зло с далёких пор Ведут свой древний, давний спор Кто наяву, а не во сне Сильней и крепче на земле? «Сильнее Я», - сказала Зло.- «Кто служит мне, тем повезло Я щедро отблагодарю Земные блага подарю Машины, деньги, мощь и власть, Пусть наслаждаются жизнью всласть!» Добро сказала: «Может быть, Но только я могу любить. Хоть за душою ни гроша, Для всех людей важна душа. Я виллы, яхты не дарю, Зато я душу сохраняю, Друзей, родных, детей и дом И много счастья в доме том. Не знаю, что ещё сказать... Остаться с кем, самим решать! Добро и Зло с далёких пор Не оставляют этот спор. <u>Малыш и карандаш</u> Малыш смотрит, как бабушка пишет письмо, и спрашивает: — Ты пишешь обо мне? Бабушка перестает писать, улыбается и говорит внуку: — Ты угадал, я пишу о тебе. Но важнее не то, что я пишу, а то, чем я пишу. Я хотела бы, чтобы ты, когда вырастешь, стал таким, как этот карандаш... Малыш смотрит на карандаш с любопытством, но не замечает ничего особенного. — Он точно такой же, как все карандаши! — Все зависит от того, как смотреть на вещи. Этот карандаш обладает пятью качествами, которые необходимы тебе, если ты хочешь прожить жизнь в ладу со всем миром. Во-первых: ты можешь быть гением, но никогда не должен	

забывать о существовании Направляющей Руки. Мы называем эту руку Высшей силой. Доверяй этой силе и учись чувствовать ее.

Во-вторых: чтобы писать, мне приходится затачивать карандаш. Эта операция немного болезненна для него, но зато после этого карандаш пишет более тонко. Следовательно, умей терпеть боль, помня, что она облагораживает тебя.

В-третьих: если пользоваться карандашом, всегда можно стереть резинкой то, что считаешь ошибочным. Запомни, что исправлять себя — не всегда плохо. Часто это единственный способ удержаться на верном пути.

В-четвёртых: в карандаше значение имеет не дерево, из которого он сделан и не его форма, а графит, находящийся внутри. Поэтому всегда думай о том, что происходит внутри тебя.

И наконец, в-пятых: карандаш всегда оставляет за собой след. Так же и ты оставляешь после себя следы своими поступками и поэтому обдумывай каждый свой шаг.

Чашки

Спустя 10 лет после окончания института, бывшие выпускники пришли в гости к профессору, который вел у них на курсе психологию. Посидели, поговорили. А когда профессор спросил, как они поживают, в ответ услышал поток жалоб на многочисленные жизненные трудности.

Радужный хозяин предложил молодым людям выпить чай на травах и принес из кухни заварник и поднос, уставленный самыми разными чашками — фарфоровыми, стеклянными, хрустальными; простыми и изысканными. Когда выпускники разобрали посуду, профессор сказал: «Если вы заметили, разобраны все дорогие чашки. Простые и дешевые никто не захотел брать. Желание иметь только лучшее и есть источник ваших проблем. Поймите: чашка не делает чай вкуснее и ароматнее. Иногда она просто дороже, а порой скрывает то, что мы пьем. Вы хотели чай, это ваше настоящее желание. Но вы сознательно выбрали лучшую посуду и стали разглядывать, кому что досталось. Теперь подумайте: жизнь — это напиток, а работа, деньги, положение, общество — чашки. Всего лишь инструменты для отвлечения вас от жизни. То, какую чашку мы имеем, не определяет и не меняет ценность нашей жизни. Иногда, концентрируясь на чашке, мы забываем насладиться вкусом самой Жизни.

Корзина

Однажды один богатый человек дал бедняку корзину, полную мусора. Бедняк ему улыбнулся и ушёл с корзиной.

Вытряхнул из неё мусор, вычистил, а затем наполнил красивыми цветами. Вернулся он к богачу и вернул ему корзину. Богач удивился и спросил: «Зачем ты мне даёшь эту корзину, наполненную красивыми цветами, если я дал тебе мусор?» А бедняк ответил: «Каждый даёт другому то, что имеет в своём сердце.» <u>Добрая собака и злая кошка.</u> Надумала кошка Мурка Шарика из конуры выжить. И зачем бы, казалось, ей это: сама в большом доме живет, а Шарик в крошечной будке. Но все дело было в том, что дом не ее, а конура — Шарикова! И стала она хозяевам намурлыкивать, что мол, Шарик совсем стар да ленив стал, а еще добр не в меру, из-за чего чужие люди их двор проходным сделали! Кончилось все это тем, что выгнали Шарика из будки. А на цепь вместо него Мурку посадили. Умные были хозяева. Поняли, что такая злая кошка лучше доброй собаки дом охранять будет. А Шарика, так уж и быть, в сени пустили — век доживать! <i>Запомните пять простых правил:</i> 1. Освободите свое сердце от ненависти — простите всех, на кого вы были обижены. 2. Освободите свое сердце от волнений — большинство из них бесполезны. 3. Ведите простую жизнь и цените то, что имеете. 4. Отдавайте больше. 5. Ожидайте меньше.	
Азбука вежливости. Позитивные высказывания о вежливости. 1. С самого детства мы слышали от своих мам и бабушек коротенькие, складные выражения, так похожие на стишки, например: "без труда не вытащишь и рыбку из пруда", "мал золотник, да дорог", "не имей сто рублей, а имей сто друзей". Придя в школу, на уроках чтения мы узнали, что это пословицы и поговорки. Каждый выбирает себе пословицу. Далее учащиеся делятся на группы и раздают по классам во время классных часов. Вежливость порождает и вызывает вежливость. <u>Эразм Роттердамский</u> Ничто не обходится нам так дешево и не ценится так дорого, как вежливость. <u>Сервантес</u> Вежливость хорошо определили как благожелательность в мелочах. <u>Маколей Т.</u> Вежливость — это привычка приносить в жертву мелкие удобства. <u>Джефферсон Т.</u> Невежливость между равными некрасива, со стороны же начальника	

она есть тирания.

Лопе де Вега

Даже вежливость бывает оскорбительна, когда подчеркивается.

Грасиан-и-Моралес

Вежливость — первая и самая приятная добродетель.

Джонн Локк

Вежливость — это искусственно созданное хорошее настроение.

Джефферсон Т.

Вежливость и хорошие манеры совершенно необходимы для того, чтобы украсить любые другие достоинства и таланты.

Честерфилд Ф.

Истинную вежливость необходимо рассматривать именно как долг, ибо мы вообще должны питать благосклонность к другим.

Гегель Г.Ф.

Истинная вежливость заключается в благожелательном отношении к людям.

Руссо Ж.

Уметь разборчиво писать — первое правило вежливости.

Ключевский В.

2. Коротко о самом главном. Создание классной стенгазеты. Учащиеся класса совместно с учителем подбирают материал, демотиваторы, картинки о здоровье, примеры знаменитых спортсменов. Показывают другим классам на классных часах.

Подготовить учащихся к созданию газеты.

Определить проблему, тему и цель стенгазеты в ходе совместной деятельности педагога и обучающихся; создать группы учащихся для создания стенгазеты.

Определить жанр (жанры), рубрики, источники информации, способы сбора и анализа информации, возможные формы презентации.

Источниками информации могут быть документы, записи, научно-познавательная литература, интервью или опрос, личные наблюдения, творческие работы (стихи, рисунки и т.п.).

Самостоятельная работа учащихся обсуждение полученных данных в группах, на консультациях (на уроках и/или во внеурочное время).



«ӘДЕПТІЛІК - ТӘРБИЕ БАСТАУЫ»
Оқудан тыс іс-әрекеттердің жобасының жоспары

Қасмағанбет Р.Б.,
№ 15 мектеп-лицей, Астана қаласы

Сынып: 5 «А»

Оқушылар саны: 26

Мерзімі: 12. 01. 2018 ж.

Оқудан тыс іс-әрекеттерді өткізу орны: акт залы

Мақсаты: Жалпыадамзаттық құндылықтардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. Міндеттері: 1.Сыпайылық, әдептілік, жақсылық жасау-ізгі істердің адами қарым-қатынастағы мағынасын түсіндіру; 2.Ұшқыр ойларын шыңдауға, терең ойлау қабілеттерін дамыту; 3.Сыпайылыққа, әдептілікке, достыққа тәрбиелеу.	Ресурстары: (материалдары, көздері) (Интерактивті тақта, плакат, суреттері)
Оқудан тыс іс-әрекеттердің жобасын өткізудің даярлық жоспары (жоспардың әрбір пунктін 3-5 сөйлеммен ашу) 1. Рухани-адамгершілік тәрбиенің маңыздылығын ашу мақсатында С.А.Назарбаева - Бөбек қорының Президенті туралы алғы сөз. Видеофильм«Уроки любви». Топтарға бөлу. Әр топтың аты, ұраны, эмблемасы, таныстыруы болады. 2. «Әдептілік-тәрбие бастауы». Адамгершілік қасиеттерге байланысты мақал-мәтелдер жарысы – оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге, айтқан мақалдарының мағынасын түсіну. «Әдептілік отау құрған қалаларға саяхат» - кез-келген жерде өздерін қалай ұстау керектігін көрсету. «Құпия хаттарға» жауап беру – шығармашылық жұмыс – жағдаяттардан шығу жолын қарастырады. 3. «Өнер-өмір өрнегі» атты кезеңінде құндылықтар жайында өз өнерлерімен тәнті етеді. 4. «Жақсы сөз-жарым ырыс» кезеңі Топжарғандарды жариялау, тілектерге кезек. Топпен ән айту. «Мектеп үйі» әнін айтып, балауса балалық шаққа саяхат жасау.	Талдау
Іс-шараны өткізудің жоспары Оңтайлы күйге келтіру сәті: «Нұрға бөлену» Ыңғайланып отырыңыздар, денелеріңізді түзу ұстаңыздар. Аяқ - қолыңызды айқастырмаңыз, қолыңызды тізеге немесе үстелге қоюға болады. Көздеріңізді жұмуларыңызды өтінемін. Елестетіп көріңіз: Күн нұры сіздің төбеңізден өтіп, кеудеңізге қарай бойлап барады. Кеудеңіздің орта тұсында гүл түйнегі	

орналасқан. Гүлдің түйнегі нұрдан баяу ашылып келеді. Балғын таза, әсем гүлсіздің әр ойыңызды, әр сезіміңізді, эмоцияңызды тілек қалауыңызды шайып, жүрегіңіздің қауызын ашты. Нұр сәулесі сіздің бойыңызға ақырын тарай бастағанын елестетіңіз. Ол біртіндеп күшейе түсуде. Ой мен осы нұрды қолдарыңызға түсіріңіз. Сіздің қолдарыңыз нұрға бөленіп, сәуле шашуда. Қолымыз тек жақсы, тек ізгі істерді істейді және баршаға көмектеседі. Нұр аяқтарыңызға тарады. Аяқтарыңыз нұр сәулесін шашуда. Олар сізді тек жақсылық жасау үшін жақсы жерлерге апарады. Олар нұр мен махаббат құралына айналды. Одан әрі нұр сіздің аузыңызға, тіліңізге тарады. Тіліңіз тек шындықты және жақсы, ізгі сөздер ғана айтады. Нұрды құлақтарыңызға бағыттаңыз, құлақтарыңыз тек жақсы сөз бен әсем әуенді ғана естиді. Нұр көзімізге де жетті. Көзіміз тек жақсыға қарап, бәрінен жақсылықты ғана көреді. Сіздің басыңыз түгелдей нұрға бөленіп, басыңызға тек ізгі, сәулелі ой келеді.

Нұр бірте - бірте қарқынды және шұғылана бастайды, сіздің денеңізден шығып, жан - жағыңызға сәуле шашады. Осы нұрды туысқандарыңызға, мұғалімдеріңізге, достарыңызға, таныстарыңызға бағыттаңыз. Нұрды уақытша түсініспей, ренжісіпжүрген адамдарға да бағыттаңыз. Олардың жүрегі нұрға толсын. Осы нұр бүкіл әлемге: барлық адамдарға, жан - жануарларға, өсімдіктерге, тірі жанға таралсын... Ғаламның барлық түкпір - түкпіріне нұр бағыттаңыз. Ойша айтыңыз: «Мен нұрлымын... Нұр менің ішімде... Мен Нұрмын»

Осындай Нұр, Махаббат және Тыныштық күйінде отыра тұрыңыз...

Енді осы Нұрды жүрегіңізге орналастырыңыз. Нұрға толы бүкіл әлем сіздің жүрегіңізде. Оны осындай әсем қалыпта сақтаңыз.

Жаймен көзіңізді ашуға болады. Рахмет!

Оқушылар өз әсерлерімен бөліседі.

Алғы сөз.

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде қойылған мақсаттардың бірі қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге қамқор бола білетін, жан-жақты тұлғаны жетілдіру. Осы мақсатты жүзеге асыруда Бөбек қорының Президенті Сара Алпысқызының «Өзін-өзі тану рухани-адамгершілік білім жобасының маңызы зор. Пән – баланы жастайынан отаншылдыққа, әдептілікке, достыққа, тазалыққа, ұқыптылыққа, мейірімділікке, табиғатты сүюге, отбасын сыйлауға, ұйымшылдыққа, жалпы әлемді тануға үйретеді.

Жүсіп Баласағұн Баққан ұлдан сәл талса, назарың- Түбі соның тарттым дей бер азабын, Тәрбиесіз бала білім ұғар ма? Олай болса, уысыңнан шығарма. Қатты тәртіп көрсе, бала күнінде, Өнерімен қуантады түбінде. Соңыра күн қалмау үшін табаға, Жөнге салып, ие болғын балаға. Қатал ұста, бос жүрмесін сандалып, Тәртіп болса, өсер бала сомдалып. Ұл, қыздан да жаман мінез шығады, Қырсық қылық тек әкеден жұғады. 1. Тәрбиесіз бала білім ұғар ма дегенді қалай түсінесіз? 2. Жөнге салып, ие бол деген нені меңзеп тұр? <i>Видеобейне «Уроки любви»</i> 1. Бақытты балалық шақты суреттеген видеобейнеден алған әсеріңіз? 2. Бүгінгі «Әдептілік - тәрбие бастауы» атты сыныптан тыс іс-шараға қош келдіңіздер. Топтар өздерін топтың тақырыбына байланысты таныстырып өтеді. «Әдептілік» тобы Біз әдепті баламыз, Айтқан тілді аламыз. Үлкендерге жол беріп, Біз ақылды боламыз. «Достық» тобы Адал дос барлық жерде керек екен, Өмірде достың орны бөлек екен. Жақсы дос жадыратса, жан дүниенді, Жаман достан жамандық келеді екен. «Жақсылық» тобы Биік төбеге шықсаң, Көзің ашылады. Жақсымен сөйлессең, Көңілің ашылады. Эмблема салып, олардың топтарына оның маңызын түсіндіріп өту. 2. «Әдеп әлеміне барар жол» кезеңі. а) Мақал-мәтелдер жарысы Өздерінің топ атауына сәйкес мақал-мәтел айтылады. ә) «Әдептілік отау құрған қалаларға саяхат» ойыны Елімізде	«Әдептілік», «Жақсылық» және «Достық» топтарына топтастыру.
--	--

үлкен қалалар бар: <i>Астана, Алматы, Ақтау, Жезқазған, Көкшетау, Ақтөбе, Семей, т.б.</i> Ал, балалар, өздеріңе қай қалалар ұнайды? Ұнаған қала аты жазылған қима қағазда сұрақ бар. Соған жауап беру керек. Сұрақтар: – <i>Мектептен үйге қарай жүгіріп келе жатқанда, алдыңнан бір үлкен кісі шықты. Сен не істер едің?</i> – Үлкен кісімен амандасып жол беремін. – <i>Өзіңнен үлкен кісілер әңгімелесіп отырған кезде сен не істеуің керек?</i> – Үлкендердің әңгімесін бөліп, сөзге араласуға болмайды. – Егер тығыз шаруам болса, «кешіріңдер» деп айтар едім. – <i>Көшеде біреу жөн немесе жол сұраса не істер едің?</i> – Асықпай түсіндіріп беремін. – <i>Автобуста, қоғамдық орындарда егде адамдарды көрсең не істеген жөн?</i> – Үлкен кісілерге әрдайым орын беру керек. – Үлкен кісілермен қалай сөйлесу керек? – Үлкен кісімен «Сіз» деп сөйлесу керек. – <i>Әдептілік деген не?</i> – Адамдардың жүріс-тұрысы мен өзара қарым-қатынасының ережелері. б) Шығармашылық жұмыс (топтық жұмыс) «Құпия хаттарға» жауап беру Оқушылар үш топтасады. Әр топқа құпия хаттар жазылған конверттер таратылып беріледі. Жауабын әр топ ойланып, ақылдаса отырып айтады. Хаттардың мазмұны: 1 хат. Жаңыл өзінің інісі Ернармен үйдің ауласында ойнап жүрді. Екеуінің тұсынан көрші үйдегі Гүлнардың анасы дүкенге келе жатыр еді, Ернар: -Гүлнар бізбен ойнасын шақырып жіберіңізші, -деді. Жаңыл інісінің сөзіне ұялып, Ернарға әлде нені түсіндіре бастады. -Жаңыл не туралы айтты деп ойлайсындар? -Ернардың іс-әрекеті жайында не айтар едіңіз? -Иә, балалар, үлкен-кішіні сыйлау, үлкеннің ақылын тындау, сөзге тоқтау-инабаттылық, сыпайылықтың көрінісі. 2 хат. Арман бір топ баламен сабақтан келе жатқаны сол еді, аулада отырған үлкен кісілер: - Осы бала жақсы бала, түбінде жақсы азамат болады,-деп мақтай жөнелді. Арман туралы бұл пікірдің қалыптасуының сыры неде? Қандай қасиет?	
---	--

3 хат. Құрметті достар! Партада менімен бірге бір бала отырады. Ойнап - ойнап тапсырмасын орындамай, жазбай келеді. Мұғалім сұрағанда қысылады. Сабақты менің дәптерімнен көшіріп алады. Мен бермесем, «Сен сараңсың» - дейді. Баланы әдепті бала деп айтуға болады ма? Неге?

3. «Өнер - өмір өрнегі» кезеңі.

Топтар өз өнерлерімен тәнті етеді. «Балдәурен» әні вокал тобы. «Көңілді күн» Алтынбекова Еркеназ, «Аққу» биі.

4. «Жақсы сөз - жарым ырыс» кезеңі.

Топжарғандарды анықтап, жылы тілектер білдіру.

Қонаққа келген Ләззат әже балалардың зияткерлік білімі мен, рухани-адамгершілік қасиетерін көрсететін көріністерді тамашалап, оларға деген жүрекжарды тілегін білдірді. Сонымен қатар әжеміз өзінің өнегелі ақыл-өсиетін айтып, жүрегінді кеңінен ашып, әлемдегі жандарға жақсылық жасауға шақырып ақ батасын берді.

5.Топпен ән айту.

«Мектеп үйі»

Әні: Е.Ынтықбаевтікі

Қорытынды сәті:

-Құрметті оқушылар, бүгінгі сабаққа қатысып, бар ойларыңызбен бөлісіп, өнерлеріңізді көрсеткендеріңізге рахмет! Осылай тоқтамай, биік белестерден көрініп, өз еңбектеріңіздің жемісін көріңіздер, барлық жалпыадамзаттық құндылықтардың қасиеттері сіздердің бойларыңызда тұнып тұрсын! Барша адамзатқа жақсылық жасап, достықта болып, әдептілік танытып, адамгершілік құндылықтарды игеріп, өз бойымызда арттыра түсейік. Жүрек түбінен шыққан махаббатымызды айналамызға сыйлай отырып ,жанымыздағы жақсы адамдарды құрметтейік. Перзенттік парыздарымызды орындай білейік.



Жағдаят шешу



Тыныштық сәті

ЧАСТИЧКА СЕРДЦА ДЛЯ ТЕБЯ

Ниязбекова М.Г.,
школа-лицей №15 г. Астаны

Класс: 10 «В»

Количество учащихся: 26

Место проведения проекта внеучебной деятельности - центр адаптации несовершеннолетних акимата г. Астаны

Цель: развитие нравственно-духовных качеств у учащихся способом взаимодействия во внеучебной деятельности. Задачи: • формировать осознанное стремление быть добрыми и чуткими; • прививать милосердие и сострадание к окружающим людям; • воспитывать умения приносить радость себе и окружающим людям.	Ресурсы: (материалы, источник)
